

Ж.Ш.Балкенов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

**ХАЛЫҚ ӨНЕРІНІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ**

*В статье рассматриваются формы и методы изучения традиций народного творчества, которое является фундаментальной базой художественно-творческого воспитания будущего специалиста. Восприятие традиций народного творчества тесно связано с интуицией, чувствами, уровнем культуры и качеством знаний, опытом.*

*The forms and methods of the organization of the academic work at the institution of higher education mould understanding of the artistic creative activity. The fore the perception of the artistic creative activity of the ornamental art is closely connected with intuition, depth of feeling, the level of culture and quality of knowledge, experience.*

Халықымыздың мыңдаған жылдар бойы қалыптасу тарихында рудан тайпаға, тайпалар одағынан ұлтқа айналу процесінде оның рухани дүниесі де дамып, ұлттық өнері болған және ол басқа ұлттарға үлгі боларлықтай асыл қасиеттері мол жинақталған.

«Халық өнерінің мұрасы» деген ұғым көп мәселені қамтитын, әсіресе халықымыздың ұлттық өрнек өнерінің дәстүрін жаңа биікке көтеруге ат салысу — өнерге қатысты мекемелер мен зиялы қауымның ортақ мақсаты.

Қандай қоғам, қандай ел болмасын, экономикалық, саяси т.б. артықшылықтарына қарамастан, өзінің өнері, мәдениеті, ұлттық дәстүрін сақтай алмаса, толық жеңіске жете алмайтыны айқындалған осынау кезеңде халық мұрасындағы ұлттық өрнек өнерінің көркемдік даму ерекшеліктері әр халықтың, әрбір қоғам мүшесінің өмірлік мақсатына, тіршілік дағдысына айналу қажет. Осынау ұлы процесте ұлттық өнердің атқаратын ролі аса зор.

Біздің пайымдауымызша, халық мұрасындағы ұлттық өрнек өнері дәстүрін қалпына келтіру үшін, ұлттық сана мен психологиямызды көне ғұрыптарымыздың негізінде қалыптастыра отырып, даму бағытын ұстауымыз керек. Бір айта кететін мәселе — ұлтымыздың зиялы алдыңғы қатарлы өкілдерінің дені жаңаша түсінуде. Мысалға, Ө.Жәнібеков, А.Сейдімбеков, Б.Сапаров, Р.Бердібаев, А.Қырықбаев, тағы басқалар. Мерзімді баспа сөздерде қазіргі жарық көріп жатқан мақалалардың өзі-ақ мазмұны мен мақсаты бұған толық дәлел бола алады.

Халық өнерінің табиғи процесі өте тереңде жатыр. Халық өнері шеберлерінің шығармаларын қарастыру заңдылықтары да осыдан келіп туындайды. Қолөнердің даму процесінде идеялық-эстетикалық дәрежесі тек ірі, ауқымды өнер түрлері арқылы танылады. Құбылыс болған соң оның ішкі, сыртқы заңдылықтары, тіршілік-тынысы, белгілі дәрежеде әсер ететін ықпалы және бар.

Арада мыңдаған жылдар өткенде адам сүйек, мүйіз, ағаштан қанжар, жебе, түйреуіш, біз, шанышқы, ине т.б. құралдарды жасап үйренді. Сүйек, мүйіз, тағы басқа заттарды әшекейлеу және өрнектеуде нақ осы шамада.

Негізінде халқымыздың ұлттық қолөнері көне заманнан бері халық тұтынып келе жатқан ұлттық мүліктер мен заттарға таяқша, сызықша салып оюлайтын қарапайым әшекейлеуден бастап, қазіргі дәстүрдегі айналаны қоршаған табиғат құбылысын алғашқы, керамика мен түсті металға, жасау-жиһаздарға бейнелейтін сюжетті өрнектер мен әшекейлеулерге дейінгі жоғары дамыған кезіне келіп жетті.

Қазақтың ұлттық қолөнерінде жиі қолданатын мүйіз тектес ою-өрнектер өзінің даму барысында әр түрлі көркемдік сипат алған, Қ.Ақышев: «Қазіргі қазақтар мен андроновтық тайпалар арасын үш мың жылдан астам уақыт шымылдығы бөліп тұр. Орталық Қазақстанның үлкенді-кішілі Нұра, Талды, Шерубай өзендерінің жағалауларынан андроновтық тайпалардың мекен тұрақтары табылды. Антропологтардың қазақтардың нәсілдік сыр-сипаты андроновтық негізінде қалыптасты деген тұжырымдары да осыны айтады», — деп қортындылады [1].

«Кең байтақ дала төскейі ашылмаған тарих құпияларына, тексерілмеген археологиялық қазба ошақтарына толы. Жердің қат-қабатында, топырақ құрамында ата-бабалар ғұмыр жолынан сыр шертер қазыналы кеніштер бар», — дейді Л.Р.Қызыласов [2].

Айтса айтқандай, біздің мемлекетіміз көне ескерткіштерге бай екенін, әлі де талай қазылмаған обалар, табылмаған қалалар бар екенін көп адамдар біле бермейді. Бұрыннан белгілі дегендердің өзін талдау жасап, олардың дүние жүзі мәдениетіндегі орнын атап көрсете алмай келеміз.

Халқымыздың ұлылығы тек санамен ғана емес, азамат ой-санасына қосқан ұлттық өнер үлгісімен есептеледі. Осы тұрғыдан алғанда ұрпағын жан-жақты тәрбиелеуге арналған қазақтың

этнопедагогикасының бай мұрасын жүздеген, мындаған жылдар ақын-жыраулары, ойшылдары жасап кеткен бай ауыз әдебиетінің, ұлттық қолданбалы өнердің көркемдігі дүниежүзілік деңгейге тартса, қазақ ұлты өркениетті ұлттар қатарынан көрінері сөзсіз.

А.М.Сандере: «Өз ұлтының пайдалы салт-дәстүрін пір тұтқандар басқалардан үнемі жоғары тұрады», — дейді. Біздің ұлттық мәдениетіміз бен болмысымыздың ұлы мақсатының өзі — ұлттық салт-дәстүрмен мың жылдап қалыптасқан ұлттық өнері мен мәдениеті [3].

Әр халықтың көркемдік дамуында өзіне тән ерекшеліктері болады. Өрнек өнерінің көп жанрлы, нақышты әрі түстерге мейлінше бай болуы қазақ халқының рухани мәдениетінің ерекше бір сипаты.

Халқымыздың ұлттық өрнек өнерін қызықтаушы көрермен қауымға аса құнды болуының өзіндік себептері бар. Қоғамдық өнердің де, жеке адамның тағдырының да алуан түрлі сырлары мен құпия қырларына терең үңілу, әлеуметтік қайшылықтар мен құбылыстарды кең қамтиды.

Халқымыздың көркем өнер мұрасынан ләззат алу — міне, мұның барлығы халық өнерінің әсерлі, қызығы мол сарқылмас ұлттық қазынасы.

Халық өнерінің жасаған бұйымдарының аса құндылығы ескіден қалған көнелігінде ғана емес, шебер де нәзік, күрделі өрнектерді киноын келістіріп, шебер киноластырып, өзара шешімін тауып беру арқылы ғана өз өнерінің әсерлілігін таныта алады. Сондықтан да өрнек атауының ажарлы көркі тосыннан табылған шеберлігінде, бояуы, бедерлі бейнелілігінде, ұрымтал тұсты дер кезінде дәл тауып, батыл тұжырым жасай алатындығында.

Демек, халық мұрасының бойында өткен заманның ұғымдары ғана емес, болашақтың қажетіне жарайтын эстетикалық сипаттары да жеткілікті.


Адам баласының тарихындағы ең көне өнер туындыларының ішінде өрнек өнерінің ең жоғары, сапалы оқшау түрін тарихшы-ғалымдар «скифтердің жануарлар стилі» деп атаған. Осы жан-жануарлар кейіпі (бұғы, елік, самұрық құс, барыс, қасқыр, жылқы, түйе, қой, ешкі сияқты аң-құс пен үй хайуанаттары) — оймышты әсер беретін түрлі өрнектер, жауынгерлік өмірге, салт-дәстүрге жаңа тұрмыс-тіршілікке арналған көріністер, заттар. Осылардың бәрі де оқшау сипаттағы өнер туындылары бола тұрып, бұйымдық, тұтынушылық роль атқарған. Ат әбзелдері, сауыт-сайман, ыдыс-аяқ, киім-кешек осының бәрі «скифтердің жануарлар стилі» деп аталған өнер туындыларында тұнып тұр (кестені қара).

Самұрық сұлбасы — түркілерге қытайлар арқылы жеткен өрнек. Иран жеріне кең тараған самұрық бейнесі отқа құлдықтың ең маңызды белгісіне айналған. Себебі отқа құлдықта қораз (этеш) оттың, ал самұрық күннің белгісі (рәміз) бола-тұғын. Хүн және түркі дәуір қорғандарында осы ою-өрнектер жиі кездеседі [4].

«Скиф» деп көне элиндіктер Еуразияның байтақ даласындағы көшпелі ру-тайпаларды атаған. Осы уақытқа дейінгі табылған жануарлар стиліндегі сан мындаған бұйымдардың белгілі дәрежеде бітім қасиеті сараланып, жүйеге келтірілді. Алайда скиф өнерінің аса күрделі символды бітімін түсіну, сюжетті кескіндердің сырын шешу, жалпы қандай «қажеттілікпен» туғанын анықтау пәтуәлі шешімін таппай келеді. Скиф өнерімен айналысушылардың бірі: «Сонау ғажайып өрнекті бұйымдар магиялық функция атқарған, түрлі кейіптегі жан-жануарлардың күштілігі, көрегенділігі, ұшқырлығы, сол мүліктің иесіне дарысын деген ниеттен туған», — дейді. Екіншілері: «Түрлі кейіптегі жан-жануарлар скифтер сыйынатын құдайлардың белгісі еді», — деген пікірді ұсынады. Ал үшіншілер: «Жан-жануарлар скиф кейіпіндегі құдайдың өзі», — дейді. Әрине, бұл пікірлердің қайқайсына да ең алдымен жорамал түрінде ғана назар аударылған.

Жануарлық стильдің зооморфтық (пұтқа табынушылық, құдайды аң кейіпінде суреттеу) нышаны-белгілері жағымды рең алып, сақ қоғамындағы ең іргелі байлықтармен шендес жатады. Тарихи көзқарастарға жүгінсек, онда сақ мәдени мұраларының негізгі арқауы жергілікті жануарлық стиль болғандығын айқын аңғарамыз.

Жануарлық стильдің ішкі көркемдік-эстетикалық айырмашылықтарына тоқталар болсақ, ең алдымен сақтардың бейнелеу образы тұрақты, кимыл-қозғалысы динамикасы мен геометриялық кескіндеуі біршама айқын болып келеді. Егер ұлттық бейнелеу өнерін бір ауыз сөзбен сипаттау керек болса, ойымызға бірден «жануарлар стилі» («зооморфизм») сөзі оралады. Және бұл табиғи нәрсе. Өнер нысанасы хайуанат әлемін тандап алған көшпенділердің экспрессивтік стилінің салтанаты кезінде, оның эстетикалық мән-мағынасы аса биік өреге жетеді. Жабайы сымбат машығы бүкіл сахарда үстемдік құрды, ол тудырған мұратнама халқымыздың әлеуметтік, мәдени-рухани мұрасындағы, ұлттық бейнелеу өнеріндегі өрнек өнерінің ең озық үлгісі болып табылады.



Кесте. Өрнек өнерінің көркемдік дамуы

«Хайуанат» стиліндегі өрнектердің қайнар көздері отты шығармашылық негізді дәріптейтін көшпелі өркениеттік дүниетанымда жатыр. Себебі ғасырларға ұласудан тіршілік иелері ғана осындай жолды жеңе отырып, шексіз көркемдікке ие бола алды. Сезімтал өрнек өнерінің қисыны ендігі жерде шығармашылыққа қайшы келмейді, керісінше, өрнек өнері астаса келе көркем бейнеге айналады. Басқаша айтатын болсақ, жартастағы бедерлердің экспрессиялық қоры ұқсастық өнерімен түгіседі: ал өлшемі кескіндік мүмкіндігін пайдалану үрдісі өрнек өнеріндегі «аң стилінің» көркем дамуының қажетті кемерін ашып береді. Біз өрнек өнерін әдептеуде (стилизациялауда) осы идеяға сүйенеміз. Өр халықның мәдениеті өз тарихында, рухани мұрасында өрнек пен оның мағынасы (семантикасы) өзара жарастықтан табылатын өрнектердің алтын ғасырынан бұлтартпай өтеді. Алайда ою түрлерінің шексіз мүмкіндіктеріне ие бола отырып, шығармашылықпен күрделенген сайын, ерте ме, кеш пе, өз мағынасын ажыратып «Қоршаған болмысты ажарлап айшықтау» «әдептеу» (стилизациялау) деп аталатын шексіз шығармашылық ойға жетелейді.

Атап айту қажет, әлем үлгісі мәдениеттің «қатардағы» элементі емес, оның құрылымы, «ұйтқысы», бұл ұйтқы анықталмай белгілі бір мәдени орталықтың болуы туралы сөз ету мүмкін емес.

Ойлау стилі әлем үлгісі арқылы бейнелеу өнерінде идеялық мазмұнға әсер етеді, белгілі қоғамның дүниетанымын қалыптастырады.

Әлем үлгісі категориясының сақтауда біз осы ұғымды В.Н.Топоровтың түсіндіруін пайдаландық. «Әлем үлгісі» — сол дәстүр ішінде әлем туралы жүйелі және операциялық аспектілерде алынған түсініктердің барлық жиынтығының қысқа және қарапайым белгісі» [5].

«Әлем түсіндірмесі» екі ұғымда (дүниеге көзқарас және әлем үлгісі) бір-бірімен сәйкес келеді. Бұл барлық әмбебап (универсал) емес, тек көркем бейнеленген элементті ғана, басқаша айтқанда, адам игерген әлем. Мәдениет иелерінің өзі әлем үлгісін салт-дәстүрде, мифтерде бейнелеу образдарында жасай отырып, қағидаға (канонға) айналдыра отырып, оны тұтас күйінде сапамен меңгере алуы мүмкін. Бірақ «үлгі үлгінің ол туралы, оның қасиеттерін қайта түзеп немесе мезгеуге қызмет ететін тұпнұсқалық үйлестік (аналог) әрқашан түсіндіру, болжау немесе эвристика құралы ретінде танымдық қызмет атқарады» [6].

Адамдардың қауымдық дәуіріндегі ұғым, сананың көрсеткіштері ғылымда күрделі терминдер түрінде сипатталады, олар: анимизм, тотемизм, антропоморфизм, мифология т.б. Адам баласының әлем туралы ежелгі түсінігінің бірі — анимизм. Табиғатты әрбір заттың жаны, рухы бар деп есептеушілік — анимизм елесі фольклор туындысында кездеседі. Табиғат пен әрекеттің магиялық сиқырлы күшіне сенушілік, солардың медетімен жауын жаудыруға, егінді бітік өсіруге, малдың төлін көбейтуге, ауру адамды сауықтыруға болады деушілік те анимизмге байланысты туады [4].

Миф барлық дүниенің алғашқы кезеңдеріндегі қалпынан жан-жақты хабардар береді, яғни миф дегеніміз әлем туралы ең бірінші концептуалды жан-жақты білім болып табылады.

Өрнек өнері — мифтің графикалық көрінісі. Сөйтіп, өрнек өнері — дүниелерді бейнелермен қабылдайтын мифті көрсететін жүйе. Ендеше, өрнек өнері мифтік белгілер жүйесі болып та саналады.

Бейнелеу өнері мифтік дәуірдегі тұтастық (синкреттік) мәдени кешеннің ажырамас бөлігі ретінде кіреді [7]. Ол ғаламат көркемдік жүйелердің қалыптасу дәуірі. Ал өрнек өнеріндегі мифтік белгілердің көркем шығармашылық жайы, басқа да киелендіру әрекеті әлем жаратылысына еліктеу, сондай жолдардың бірі — айқын бейнеленген көркемдік үлгі жасау. Бейнелеу адамның мәдени, рухани тәжірибесінің ерекше түрі, осы тұрғыдан ол адам ойының сыртқы белгісінің бір деңгейі ретінде әр адамның ортамен, ғаламмен байланысының деңгейі ретінде қарастырылады.

Ал, мифтік бейнелеу өз бойына көркем образдар қалпында адамдардың мінез-құлықтарының әсерін ұйытқан киелі шығармашылықтың өрісін көрсетеді.

Басқаша сөзбен айтқанда, елдің бәріне белгілі, көптің қолы жетерлік, бірақ ендігі жерде өнер тілімен жасалған (бедерленген, айшықталған) тарих (әрине, миф басқаша бейнеленетін болған). Бізге жұмбақ өрнек өнеріндегі көркем шығармашылық осылай пайда болған. Өркениетті тудырушы және орындаушылар ендігі жерде көпке белгілі, көптің қолы жетерлік өнерді жұмбақтап мүдделі басқалар үшін кең әрекет ететін жер (әдіс мүмкіндігінің қоры) пайда болады. Жаратушының Еркі, Суреткерлердің Еркі деп кейіптелетін субъективтік қайнар феномен осы жерде пайда болады.

Сонымен, қазақтың әлеуметтік мәдени мұрасындағы ұлттық өрнек өнерінің көркем шығармашылықпен пайымдалынуы — халқымыздың ежелгі өнері. Ал, ұлттық өрнек өнері біздер үшін көп нәрсені білу, көкейкесті мәселелерді көңілге түюге бейімділік және халық мұрасындағы көркем шығармашылықты пайдалануды жалғастыру. Өйткені ұлттық мұра қазынасынан рухани тәрбие, өсиет көзі ретінде ғасырлап зердесіне сіңіріп, өзінің ақыл-парасаты, иман-ғибадаты арқылы тануға тырысып, рухани мәдениетін байланыстыра түседі.

Халқымыздың ұлттық сана-сезімінің өсуі ата-бабаларымыздың бүгінде ұрпағына жеткізіп отырған, ұлттық бейнелеу өнеріндегі өрнек өнерінің үлгі өнегесін көркем шығармашылықпен байланыстыра отырып, жалғастыруды ұлттық әлеуметтік процестің басты үрдісі деп тануға болады.

Бүгінгі күнге дейінгі ғылымда, өнер зерттеу, өнертану сынында да бағасын алып болмаған бір мәселе — ұлттық өрнек өнері дәстүрінің бейнелеу өнерінде стильдік, стиль қалыптастырушылық қызметтің толық қалыптаспауында. Соның өзі қазақ бейнелеу өнерін тану ғылымы мен сынында мәдени мұрамыздағы өрнек өнерінің пайымдау саласында толып жатқан соны, тың аспектілердің бар екендігін көрсетеді. Бұл пікірлер ұлттық бейнелеу өнеріндегі өрнек өнерінің өтпелі мерзімдік құбылыстар туралы емес, жалпы көркем шығармашылықтың дамуына тән, еш әлсіреп жойылмайтын тенденция табиғатын бейнелейді.

Өрнек өнерінің көркемдігі тек қана эстетикалық мұрағат емес. Ол сонымен бірге халқымыздың белгілі бір тарихи кезеңіндегі таным-түсінігінен, өмір салтынан, сұлулық туралы түсінік-тағылымынан хабар береді. Мәдени мұрамыздағы өрнек өнеріне байланысты терминдерді жинау, зерттеу символикалық мәнін ашу көркем шығармашылықты дәстүрлі әдептеу (стилизациялау) арқылы жалғастыру жалпы ұлттық бейнелеу өнеріміздегі мәдени болмысымызды тануға үлес қосатын аса мәнді мәселе.

Алайда өрнек өнерінің көркем шығармашылығын зерттеудің жалпы принциптері мен жолдарын белгілеп, әлеуметтік дамудың заңдылығымен сабақтастыра отырып, методологияны бір деңгейде ғана түсініп келе жатырмыз. Сондықтан бізде әзірге жалпы методологиялық принциптерді баяндаған шолулар бар. Біздің мақсатымыз — оларды ажырату мен баяндау.

Қазақтың ұлттық мәдени мұрасындағы өрнек өнерінің көне дәуірі туралы проблемаға көбірек тоқталуымыздың себебі, біріншіден, бұл ғылыми мәселе негізінен шешілмеген, әлі де болса жан-жақты зерттеуді талап етеді, екіншіден, өрнек өнерінің көркем шығармашылық даму процесін көрсету болып табылады.

Көркемдік ойлаудың ұлттық ерекшеліктері негізінде қалыптасқан әр халықтың өрнек өнері — бір кезең, бір дәуір емес, ұзақ ғасырлар тудырған, ұрпақтан ұрпаққа берліп, үнемі өзгеріп, дамып отыратын рухани игілік.

Ал енді ешбір таразыға тартып салмағын, метрлеп көлемін есептеп шығаруға көнбейтін рух, діл, өнеге, имандылық, адамгершілік, шығармашылық өнер негізінде жасалған мәдени байлықтың жөні мүлде бөлек.

«Рухани тәуелсіздікке ұмтылмаған ел тәуелсіз мемлекет ретінде ұзақ өмір сүре алмайды. Ұлттық мәдениеттің тұрлаулылығының, орнықтылығының өзі сонда жатыр» [2]. Біз өзіміздің ұлттық ойлау жүйемізді, көркемдік тануымызды, мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек.

Қоғамдық сананың дамуын дәуірге бөліп қарастыру ғылымда ежелден қалыптасқан дәстүр. «Дәуір дегеніміз — уақыттың белгілі бір кезеңі. Дәуір табиғатта, қоғамда, ғылымда, өнерде т.б. құбылыстарда өзіндік айырықша қасиет, сипаттармен ерекшеленеді, даму барысында жаңа санамен тұлғаланады» [8, 9]. Сондықтан да ата-бабамыздың ұрпағына жеткізіп отырған ою-өрнек өнерінің үлгілі өнегесі нағыз шығармашылықты қозғайтын ой.

Өрнектің әлеуметтік өмірдегі дүниетанымдағы, мәдениеттегі көшпелі дәстүрге тән құбылыс. Ежелгі өрнек өнерін мейлінше рухтандырған: тіршілікті қуаныш ету, нақты дүниені ішкі сезіммен, сүйіспеншілікпен қабылдау, демек, өрнекті шынайы бейнелеу. Ең басты өрнекті әдептеу (түрлендіру) арқылы өрнек өнерінің сымбатталуы, пайымдау сыпайылығы, үлгілену биязылығы өркендеген кезге тән құбылыс.

Халық мұрасындағы өрнек өнерінің көркемдік дамуының негізгі мақсаты — бүгінгі болмысты нақты, реалды бағалай білу және объективті байыптау, өнердің алуан саласындағы әрекет, т.б. уақыт пен заман талабына сай мейлінше сергек қарау сол талап үрдісінен шығатындай қаракет жасау. Халық мұрасындағы ұлттық өнер көркемдік дамудың нәтижесінде туындағандықтан, шығармашылықты ойлауды қалыптастыру қажет.

Ұлттық өрнек өнеріндегі көркем шығармашылық — әлеуметтік мәні бар құбылыс. Өрнек өнерінің көркемдік мазмұнына назар аударып қарасақ, көркем шығармашылықты жетілдіру процесінің алғы шарты ретінде қабылдауымызға толық негіз бар.

Өрнек өнерінің асыл қасиеті сезім мен ой тұтастығында жататынын, сонымен бірге шығармашылық қуаттың құдіреті, әсіресе мазмұн мен форманың берік бірлігінен табылатынын тап басып, дәл көрсетуі.

«Іші алтын» (мазмұны), «Сырты күміс» (формасы) әсем үйлесімділік пен нағыз сымбатты өрнек деп біліп, оны терең толғам мен жүйелі пайымдайды. «Қуатты ойдан бас құрап, ерекшеленіп шығатын» мазмұны көркем шығарманың бүкіл болмысынан байқалатын ішкі салалық қасиет болса, түр (форма) — сол мазмұнды тартымды таныта алар өрнек-өнеріндегі сан-салалы амал-тәсілдер. Қысқаша айтсақ, бейне, суреттілік, жарасымды пайымдау, тағы басқаларының «қиыннан қиысуынан» келіп, өрелі өрнек қалыптасады. Осы жерден өрнек элементерін жүйелеп, емін-еркін пайдалануға дейін бір-ақ қадам бар, ол «қоршаған ортаны, болмысты ажыратып айшықтау» деп аталатын тылсым көркем шығармашылыққа бару ниеті де осы жерден басталады.

Қалай да болмасын ғасырлар бойы өнер тәжірибесінен өткен көркемдік құбылысын қамтамасыз ететін екі заңдылық бар.

1. Тұрақтылықты қамтамасыз ететін байланыстар. Халықымыздың ұлттық өрнек өнерінің көркемдік дамуындағы шығармашылық түрлерімен танысу қазіргі заманғы дәстүрлі өнердің шартты формаларының қалай қалыптасып, жетілгендігін түсінуге көмектеседі [10].

Сонымен бірге осы күнге дейін сақталып келген өрнек өнерінің көркемдік жағынан дамуын зерттеу оның мәнісі мен мағынасына, көркем шығармашылық қызметіне қатысты жақтарын айқындау тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

2. Шығармашылық дамуы пайымдаушылық (композициялық) өзгерісті қамтамасыз ететін бөлшектер арасындағы қайшылықтардың болуы.

Өрнек өнерінің шығармашылық дамуы өрнектерінің жеке элементтерінің барған сайын жинақтап бейнелеуге, образды — таңбамен, имитацияны символмен алмастыруға жетелейді. Өрнек өнерінде композициялық пайымдаушылықтың арнайы жүйесі болмағандықтан, өрнектердің шығармашылық ерекшеліктерін, тұтас алғанда түрлі формалардың, басымырақ дамығандығы. Бұл стильдің форма жағынан алғанда құстың тұмсығына, сондай-ақ антропоморфты образдармен көркемделген өрнек түрлері болып табылады. Композициялық өзгерістерді қамтамасыз ететін тағы бір ерекшелік — көптеген қолөнер бұйымдарындағы жануарлар пішіндері мен ирек сызық өрнектердің түрліше ойымышталып түсірілуі.

Халқымыздың ұлттық өрнек өнеріндегі көркем шығармашылықты өз ерекшеліктеріне сай осы екі заңдылыққа бағына отырып, бір жағынан, халықтың этникалық тұтастығын қамтамасыз ететін құрылымдық байланыс қызметін атқарса, екінші жағынан қамтамасыз ететін көркем шығармашылық қайшылықтардың дербестігін сақтау қызметін қалыптастыру керек.

Келесі кезеңде, барлық мәдениеттегідей, тұтас бейненің ыдырауы болады. Тұтас бейне бөлшекке бөлінеді — ендігі жерде бөлшек тұтастық орына жүретін болады. Қошқардың орнына — мүйізді (қошқар мүйізін), түйенің орнына өркеші — өркеш («өркеш»), құстың орнына — тұмсығы («құстұмсық»), тышқанның орнына ізі («тышқан із») т.т бейнеленетін болады.

Бүтінді бөлшекке бөлу барысында көркемдік мағынаны иеленетін үлгі әлем ретіндегі белгінің көркем шығармашылығы қалыптасты. Үнемі қайталау (осыған байланысты ыңғайлылық пен қарапайымдылық сипаттардың мәні зор) ақыл-еске қайшы келмеу принципі бойынша біртіндеп сұрыптау арқылы белгілі бір ою элементіне көркем шығармашылық дарытады. Мұны біз көркем әдептеу (стилизация) деп алдық.


Мәселен, өрнектің негізгі бейнелеу әдісі, оюды романтикалық дәріптеу (идеализациялау) мен күрделі көркем әдептеу (стилизация) болып табылады. Рас, соңғы шығармашылық әдісті біз тек өрнек өнеріне тән деп отырмыз.

Бұл ойланатын нәрсе, өрнек дегеніміз — ең алдымен халық даналығы деген сөз. Олай болса, оның әрбір белгісі қайталанбас тұлға. Көркем жинақтау (әдептеу) ең алдымен өрнекке тән. Онда адам баласындағы, жан-жануардағы және табиғи-ғажап көріністер мен қилы әрекеттер көрініс тапқан. Сөйтіп, өмірден гөрі өрнек өнерінде, ойда армандалған мінез-құлық, іс-әрекет, ғаламат жинақылық әрі зор тұлғалылық сипат береді. Мұнда, бір жағынан, іс-әрекетті жинақтау, екінші жағынан — шығармашылық ойды жинақтау бар.

Әдептеу (стилизация) — бейнелеу, ажарлау, әсерлеу, құбылту, даралау, айшықтау, жинақтау, дәлдік сияқты көркемдік құралдарды стильді айқындап беретін бірден-бір өлшем [11].

Сонымен стиль санасы туралы, бұған көркемдік, қуат, әсерлі, асқақтық, тереңдік, сұлулық, қимыл-әрекет, қозғалыс тәрізді сипат белгілерді қосуға болады.

Ал, өрнек өнеріндегі әдептеу дегеніміз — өнер адамының өзі қарапайым өрнектен бастап, әр бөлігін көркемдікпен зер сала үңіліп, өз қиялының елегінен өткізіп, өзгеше бір жаңа өрнек шығаруға тырысатын шығармашылық процесс (сур. мысал ретінде берілген ешкінің стилизациялану түрлерін қараңыз).



Сур. Жануардың стилизациялану түрлері

Әр өнер адамының қолынан шыққан осындай шығармашылықтың жемісі, алуан түрлі өрнек өнерінің өрісін кеңейте бермек. Тек халық мұрасындағы ұлттық өнердің шығармашылығын, өміршендігін шын мәнінде ой өрісіміздің айдыны, ұлағаты мол мәдени мұрамыз деп түсіну қажет.

Сондықтан біз өрнектердің көркем шығармашылығын әдептеу (стилизация) деп алудың өзі күрделі және маңызды нәрсе. Мұнда әдептеуді өрнектің образды бейнеленуінің, шығармашылық процестің эмоционалды мазмұндық және айқындаушы құрал-тәсілдері деп есептеуіміз керек. Мазмұн көрерменге тікелей айтылмайды. Ол астарлы тылсым дүние. Оны әркім өмір тәжірибесіне, білім жетістігіне, мәдени деңгейіне, өрнектің мазмұнына байланысты әр түрлі ұғылуы мүмкін. Себебі көркем образда әдептелінген өрнек тек ғана рационалды тұжырымнан тұрмайды, онда иррационалды, немесе интуитивті, ой-сана да басты роль атқарады. Сондықтан болашақ маман дайындығы неғұрлым жоғары болса, өрнектердің образы әдептелінуі (стилизациялануы) соғұрлым мазмұн тереңдігі айқынрақ ашылады. Өрнек өнеріндегі көркем шығармашылыққа тән сипаттардың бірі — өрнек элементерінің түрлі әдептелінуі барысында өрнектің өзгеше бір образы шынайы түрде, нанымды бейнеленуі.

Міне, өрнек өнеріндегі әдептеу (стилизация) құбылысы өрнек өнерінің көркем өнер шығармашылық заңдылығы екенін осыдан-ақ көруге болады.

Өрнек өнерінің сансыз түрлілігі жайында қалыптасқан жалпыға ортақ пікірлер аз емес. Өрнек өнерінің не екенін жұрттың барлығы да біледі, бірақ өрнек қалай қалыптасады, өрнектерді арнайы тақырыптарға көркем шығармашылықпен қалай әдептеуді (стилизациялауды) біле бермейді. Бұл мәселе жайлы осы уақытқа дейін ортақ пікір қалыптаспаған.

Біз өрнек өнеріндегі көркемдік мазмұнды қарастырғанымызда өрнек қалай бейнеленген деген ой басым да, оны жасаған шебер қалай жасады деген мәселе жайында ой қозғай алмаймыз. Өрнек өнеріндегі көркемдік тану деген сөз — өрнек көркемдік ой жүйесіне, бейнелі образдың құрылымына бару деген сөз. Ал образ характерін түсінбеген өнер иесі өрнек өнерінің көркем шығармашылық мәнін түсінбейді.

Демек, өрнек өнеріндегі көркем шығармашылықта сюжет, композиция, образды, ойды білдіру, оны талдауға үйрету, жаттықтыру дегеніміз өрнек өнеріндегі көркемдік образ сынына бойлау, оның өзіндік ерекшелігін танып-білу болып табылады.

Өрнек өнеріндегі көркемдік дегенді өрнектің бүкіл компоненттерінің бірлігінен, үйлесуінен іздеуіміз керек. Өрнек өнеріндегі көркем шығармашылықтың идеялық-эстетикалық мәні өрнектің жалпы құрылымындағы, тұтас көркем компоненттерінен тұрады. Жасыратыны жоқ, көркемдік компоненттердегі шығармашылық пен технология бірлігі көпшілік жағдайда ескеріле бермейді.

Яғни, біздің мақсатымыз — өрнектің көркем шығармашылығын әдептелуін (стилизациялануын) елдің бәріне таныс көркем шығармашылықтың түсінікті тіліне айналдыру. О.Шпенглер өрнекпен арнайы айналыспаса да, өрнек пен көркем сурет арасын анық ажыратып кетті: «Өрнек — мәнді, еліктеу — керемет!», — деген еді [12]. Бұл нағыз шындық. Себебі өрнектің мағынасы оның прототипке ұқсастығында емес, оны құрған бөлшектердің арасындағы қатынас жүйесінде жатыр.

Осыны белгілегеннен кейін, біз өз жорамалымызды тексеріп, олардың дұрыстығына көзімізді жеткізе аламыз.

Ықшамды, әрі жинақы ырғағы, түсі жөнінен әсем де үйлесімді, сансыз түстердегі алуан өрнектер әлемі — қазақтың халық өнеріне тән ерекше ұлттық қасиет. Өрнектер әлемінде халықтың дүние танымы, өзін қоршаған орта және сұлулық туралы түсінігі терең бейнеленген.

Сондықтан біз халқымыздың мәдени мұрасындағы ұлттық өнердің танымдық-эстетикалық дамуын үлкен парасаттылық, жоғары кемелдік биігінен көруге тиіспіз. Сонымен, біздің пікірімізше, халқымыздың өрнек өнері мұрасын зерттеуде дерек ретінде пайдалануға бола ма, болса, қалай пайдаланамыз деген мәселелерді алдымызға қояды. Бұған біз дерек ретінде пайдалануға толық болады деп айтар едік. Бұл деректердің басқа деректермен бір ғана айырмашылығы бар: оларды халықтың өзі қалдырғандығында.

Нәтижесінде ұлттық өрнек өнерінің тарихи дамуындағы жалпылық, ерекшелік және даралану диалектикасын ұлттық өрнектің өзекті мәселелерін зерттегенде көзден таса етпей шығармашылықтың бірден-бір сұранысы деп қарауға болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. *Ақышев Қ.* Археологиялық аса бағалы ескерткіштер. Ежелгі мәдениет куәлері. — Алматы, 1966. — 57-б.
2. *Кызыласов Л.Р.* История Южной Сибири (средние века) — М.: Наука, 1984.
3. *Бернштам А.Н.* Изображение содгийца. Крат. сообщ. и полевых иссл. Ин-та ист. материальной культуры // Материалы и исследования по археологии. — № 26. — С. 19.
4. *Бердібаев Р.* Саркылмас қазына. — Алматы: Мектеп, 1983.
5. *Топоров В.Н.* Первобытное представление о мире (общий взгляд) // Очерки по истории естественных наук в древности. — М., 1982. — С. 162.
6. *Каган М.С.* Эстетика как философская наука: Университетский курс лекций. — СПб.: Петрополис, 1997. — С. 230.
7. *Қасқабасов С.* Миф пен эпсананың тарихилығы // Қазақ фольклорының тарихилығы. — Алматы: Ғылым, 1993. — 82-б.
8. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстанның болашағы — идеялық бірлігінде. — Алматы: «Кітап» ӨБ, 1993. — 32-б.
9. *Агапов П., Кыдырбаев М.* Сокровища древнего Казахстана. — Алма-Ата: Жалын, 1979. — 252 с.
10. *Мириманов В.* Алғашқы қауымдық және дәстүрлі өнер. — Алматы: Өнер, 1989. — 244-б.
11. *Балкенов Ж.* Әдептеу (стилизация): Ғылыми-әдістемелік монография. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. — 172-б.
12. *Шпинглер О.* Закат Европы. — М., 1993. — 633 с.

УДК 159.9:128/129

Л.С.Касымова, Г.Б.Капбасова, Р.Ш.Сабилова

Қарагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

#### ИЗУЧЕНИЕ ОТНОШЕНИЯ К СМЕРТИ В ЮНОШЕСКОМ ВОЗРАСТЕ У ВЕРУЮЩИХ И НЕВЕРУЮЩИХ

*Мақалада діндар және діндар емес студенттердің өлім мәселесіне көзқарасы ерекшеліктері және айырмашылықтарын зерттеу нәтижелері көрсетілген. Діни аспектісі феноменнің негізгі тенденцияларынан анықталды. Осы жұмыс барысында сауалнама әдісі қолданылды, сол арқылы студенттердің өлім феноменін түсінуге мүмкіндік туды.*

*In article is considered problem to deaths beside religious and not religious people of the student age. They are shown results of the study, is revealed to particularities and differences of the relations beside religious and not religious youth to problem of the deaths. The main trends relations will revealed to deaths in aspect. In research of the given problematic questioning which has been used has allowed to understand the relation of students to a death phenomenon.*

В настоящее время растёт и развивается осознание того, что духовное измерение человеческого опыта является полноправной сферой исследования и изучения в рамках психологии. Современная психологическая наука предполагает формирование представления о психическом и духовном развитии личности в контексте транскультурального и многоуровневого подхода к решению тех проблем, которые встают перед человечеством на рубеже XX и XXI вв. В этой связи особое место в системе